

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде № 4358 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Тасқала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 307 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасқала ауданы Қазақстан ауылдық округінің Атамекен, Молочная, Қалмақ шабын, Аяқ, Қисық сай елді мекендері аумағында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қазақстан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (С. К. Сутеева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан ауылдық округінің әкімі

А. Ташимов